

С.Оразалин атындағы ЖОББМ 2023-2024 оқу жылының

«Шабыт» би үйірмесінің жыл бойы жүргізілген жұмыстары бойынша талдама.

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылының басында «Шабыт» би үйірмесінің жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үйірме мақсаты: Сахна мәдениетін үйрету. Өнерге баулу арқылы, ұлттық өнерге қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың дене бітімін шынықтырып күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу, қабілетін қалыптастыру. Өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу және өнерді сауатты меңгерту. Би өнерімен айналысу оқушылардың жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді. Нақты жеңіл қозғалыспен дұрыс жүріп тұруына иілгіштік қабілетінің артуына, ауамен дұрыс демалуына, музыканың екпінін, буын ырғағын, мазмұнын ажырата білуге көмектеседі. Төменгі сынып оқушылары арнаулы қондырғысыз-ақ залдың ортасында бимен айналысуына болады. Ол үшін ойын түрінде берілетін нақты қимыл қозғалыс жаттығуларына көбірек көңіл бөлуі қажет. Олар қимыл қозғалыспен музыканы үйлестіру шеберлігін дамытады. Оқушылардың дене бітімін шынықтырып күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу, қабілетін қалыптастыру. Өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу. Сөзіну, есту қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту. Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру. Музыкалық шығармалардың буын-ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау. Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу. Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлігін арттыру. Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру. Би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс-тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін-өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады. Оқу жыл басында би үйірмесіне 15 оқушы қамтылды. Олар: Асқар Алуа, Болатова Инкәр, Бауыржанқызы Гүлзерен, Сариман Шапағат, Бақыткелді Ділназ, Қуанышова Каусар, Мұғалтай Ажар, Насрадин Бекзат, Тлеужан Тамерлан, Көздібаева Айару, Мейрамбек Айым, Әбдібай Назым, Ақылбекова Акерке, Әзірбек Айя, Қарасайқызы Таңшолпан, Аманғали Дариға. Оқушылар үйірмеге уақытылы келіп қатысып отырды. Би үйірмесінің сабақ кестесі Дүйсенбі, Сәрсенбі, Жұма күндері өтеді. Қауіпсіздік ережесімен таңыстыру. Оқушылар сабақ барысында «Би арқылы берілетін қарым-қатынас мәдениеті», «Қолдын қалыпты жағдайы», «Тұрақтылыққа арналған жаттығулар», «Қимыл қозғалыс жаттығулары» атты биге байланысты жаттығулар мен түсіндірме сабақтар өтті.




Қазан айында «Ұстаз ұлы есім» атты ұстаздар күніне орай «Шабьт»би үйірмелерінің оқушылары мерекелік концертке вальс, заманауи биін тарту етті.



5-7 сынып аралығында «Күз ханшайымы мен ханзадасы», 8-11 «Алтын күз-2023» сайысында үйірме оқушылары үйренген билерін нақышына сай билеп шықты. Республика күніне орай «Менің-Қазақстаным!» атты мерекелік концертке қазақ биін билеп өнерлерін көрсетті. Желтоқсан айында «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттын қамын жер» атты іс-шараға би үйірмесі өз үлесін қосты. «ДосболLike» достық қолын ұсын атты шығармашылық бағытқа ұйымдастырылған мерекелік концерт өтті.



«Мұқағали оқулары»- «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты халыаралық өнер байқауында хореография бөлімі бойынша Жәнібек Ханзада мен Көздібаева Айару қазақ биін билеп I дәрежелі лауреат атанды.



Алғыс айту күніне орай құттықтау шарасы өтті. 8-наурызға «Ана-өмір шуағы» атты үйірме оқушылар мерекелік кеш ұйымдастырды. 22-наурызға орай «Қош келдің әз наурыз» атты концерт өтті. Үйірме оқушылары үйренген билерін осы мерекелік концертте нақышына сай билеп шықты. Өнер бірлестігінің жоспарына сай «Өнерлі ұрпақ кемел болашақ» атты он күндік апталық өтті. Апталықта үйірме оқушылары мен «Қазақ биіндегі тұрмыстық би қимылдары» атты ашық сабақ, 7-10 сыныптар арасында «Мың бұралған бишілер» атты сайыс өтті. Осы орайда оқушылардың өнерге сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын, еңбекке, іскерлікке, жауапкершілікке ынтасын арттыруда жеке тұлғаның қалыптасуына би өнерінің әсері ерекше. Алдағы уақытта, оқушылар талай белестерден көрініп, үлкен сахналарда өнерлерін көрсетеді деп сенемін.



Үйірме жетекшісі: *А.А.* А.Алиева